



Топырақ экологиясы

ОРЫНДАҒАН: ЕШБАЕВА БАЛЖАН БТ-31

ТЕКСЕРГЕН: ҚАРТБАЕВА Г.Т

Жоспар:

- 1.Топырақ экологиясы
- 2.Топырақ эрозиясы және оның түрлері
- 3.Қазақстанның жер қоры және экологиялық жағдайы
- 4.Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер



- Шың кітабы 2014 жыл

- Интернет көздері:

https:

<http://u-s.kz/publ/6578-topyra-ekologiyasy.html>

[//kk.wikipedia.org/wiki/Топырак_эрозиясы](https://kk.wikipedia.org/wiki/Топырак_эрозиясы)

Топырақ эрозиясы


- **Топырақ эрозиясы** (латынша erosio – желіну) – топырақтың беткі ұнтақталған құнарлы қабатының жел күшімен немесе су ағынының шаюы салдарынан құнарының азаюы. Жел эрозиясы кез келген топырақ типінде кездесіп, жел күшімен топырақтың беткі қабатын, кейде өсіп тұрған өсімдігімен бірге басқа жаққа ұшырып әкетеді. Әдетте жел эрозиясы жер бедері жазық, құрғақ, ормансыз шөл аймақтарында жиі болады. Тіпті шөл аймақтарындағы күмды алқаптардың шөп өспейтін бөліктері жел әсерінен бір орыннан екінші орынға жиі жылжып отырады. Оларды жылжымалы күмдар деп атайды.

Топырақ экологиясы




- Адамзат өзіне қажетті қоректік заттардың 98-99 % осы топырақтан алады. Жер бетіндегі өңдеуге жарамды жердің көлемі 3200 млн га, оның жартысы ауыл шаруашылығына жарамды жер. Ал Қазақстанның ауыл шаруашылығына жарамды жер көлемі- 78,6 млн га. Жерді дұрыс пайдаланбаудың салдарынан топырақ құнарсызданып , шөлге айналу процесі күшейе түсуде. Соңғы мәліметтер бойынша, республика жерінің 60%ы шөлге айналған. Мұның барлығы топырақтың эрозияға ұшырауы, тұздану процесінің артуы химиялық және радиоактивті заттармен ластанудың нәтижесінде туындауда.

Топырақтың құрамында



Топырақ - тіршілік бесігі, қорек көзі

Эрозияны тудыратын негізгі факторлар:

1. Климаттық фактор 
2. Жер бедерінің пішіні
3. Топырақ түзуші жыныстардың сипаты
4. Жер бетіндегі өсімдіктер жамылғысы
5. Адамның іс - әрекеті

- Топырақ эрозияның түрлері:

1. Су эрозиясы - топырақ бөлшектерінің сумен мүжіліп, шайылып әкетілуін айтады. Су эрозиясының түрлері: жазықтық, сызықтық, жылдамдатылған.


2. Жел эрозиясы – топырақтың жел әсерінен бұзылып, ыдырап, шаң болып ұшып, бүлінуі. Жел эрозиясының түрлері: күнделікті, шаң дауыл.

Топырақтың бұзылу түрлері:



- Батпақтану-ылғалды жерлерде топырақтың батпақтануы байқалады. Батпақтану топырақтың органикалық қасиетін нашарлатып, ормандардың өнімділігін төмендетеді.
- Шөлдену-топырақ пен өсімдіктің қалпына келмес өзгеру үрдісі. Бұл жағдай биологиялық өнімділікті төмендету арқылы биосфералық потенциалдың толық бұзылуына әкеліп соғады да, территорияны шөлге айналдырып жібереді.
- Тұздану деп – топырақ қабатында суда жеңіл еритін тұздардың өсімдікке уыттты мөлшерде шоғырланып жиналуын айтамыз.

Топырақтың негізгі ластауыштары:



Топырақты зерттеу схемасы

МЕХАНИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Түйіршіктің
үлкендігі

Топырақтың түрлері

Топырақ құрамы

ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТІ

Түсі және иісі

Температурасы

Топырақ қуыстары

Топырақ ауасы

Жылу қасиеттері

Ылғалдылығы

ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Минералды заттар

Органикалық заттар

Радиоактивті заттар

БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТІ

Гельминттер

Паразит-жәндіктер

Микроорганизмдер
(бактериялар,
актиномицеттер, т.б.),
сапрофиттер, ауру
қоздырушылар



Қазақстандағы топырақ жамылғысының типтері


- Қазақстан территориясы үлкен болғандықтан, оның топырақ жамылғысы күрделі және әр түрлі. Топырақ жамылғысының зоналар бойынша таралғаны айқын байқалады.




Қазақстанның жер қоры және экологиялық жағдайы



- Республиканың 30 млн га жерінің өнеркәсіп, көлік байланыстары мен елді мекендер алып жатыр. Мысалы, Батыс Қазақстан аймағындағы мұнай-газ өнеркәсібінің дамуы топырақтың техногенді бүлінуіне әкеліп отыр. Орталық Қазақстанда топырақтың техногенді бүлінуі, өнеркәсіп қалдықтарымен ластанудың, ауыр металдардың жинақталуының, т.б. әсерінен Бетпақдала аумағы қоқыстар жинақталған құнарсыз аймаққа айналып отыр. Ал Оңтүстік Қазақстанда Арал аймағының экологиясына байланысты аумақтың көп бөлігі шөлге айналып, топырақтың химиялық улы заттармен және радионуклидпен ластануы өсіп отыр. Топырақтану институтының мәліметі бойынша, Қазақстанның құнарлы топырағының ауыр металдармен және радионуклидтермен ластануы барлық аймақтарды қамтып отыр. Республика жерінде 2,3 млрд тонна химиялық қалдықтар, ал 529 объектіде радиоактивті қалдықтар сақталған. Жалпы республика бойынша топырақтың түрлі заттармен ластану деңгейі Бетпақдала, Балқаш өңірі, Мұғалжар, Ертіс өңірі, Маңғыстау, Каспий маңы ойпаты, Іле Алатауы жазықтарында өте жоғары



- Басқа топырақтар
- Қоңыр топырақ
- Оңтүстік өңірдегі қара топырақ
- Дағдылы қара топырақ



Қорытынды

- Қазақстанның барлық жер аумағы 2724, 9 мың км². Жер қорымыздың аумағы өте үлкен болғанымен оның сапасы соңғы жылдары күрт нашарлап отыр. Жерді дұрыс игермеу салдарынан топырақ деградацияға ұшырап, құнарсыздану, тақырларға айналу процестері күшейе түсуде.
- 235 млн га құнарлы жердің га - сы жарамсыз жерлерге айналып, оның 30 млн га - сы, топырақ эрозиясына, 60 млн га - сы тұздануға ұшырап, 10 млн га - сы химиялық және радиоактивті заттармен ластанған.
- Солтүстік аймақтарда тың игеру науқанына байланысты бірегей бидай дақылын егу топырақ қарашірігінің 25 - 30 %- ын жоғалтады.
- Кейбір аймақтарда топырақтың құнарсыздануы және шөлге айналуы Ертіс, Амудария және Сырдария өзендерінің су алабының азаюымен, Арал теңізінің тартылуымен тікелей байланысты болып отыр. Топырақтың ауыр металдармен ластануы барлық аймақтарды қамтып отыр. Әсіресе Қазақстан бойынша ірі өнеркәсіптер, кен орындары, қазба байлықтарды өндіру, әскери өндірістік қалдықтарды сақтау және оларды көму зоналарында топырақтың ластануы ерекше жылдам жүруде.